

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Исахов Бахытжан Сейдиллаевичтің 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекетті орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми көзесші, з.ғ.к., (PhD) қауымдастырылған профессор, ҚР ҰЗА академигі Қ.Т. Битемировтың

ШКІРІ

Докторант Исахов Бахытжан Сейдиллаевичтің «Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекетті орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекет орнықтырудың конституциялық-құқықтық мәселелері кешенді түрде зерттеледі. Біздің елде соңғы кезде қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен ҚР Президентінің Жолдауларында әлеуметтік мемлекетті орнықтыру мен оның сапасын арттыру мәселелерінің жиі қозғалуы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы, өзектілігі және мазмұнының нақтылығымен ерекшеленетіндігін айтқым келеді. Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, хронологиялық шегі мен географиялық ауқымы да тақырыптың біртұтастығына қызмет етеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұнының жинақылығы мен бағыттылығына негіз болған осы жағдайлар тақырыптың сәтті ашылуына мүмкіндік берген. Докторант осы тақырыпта үлкен дайындықпен келгенін көрсетті.

Докторант Исахов Бахытжан Сейдиллаевич диссертациялық жұмысты дайындау барысында өзінің теориялық түрғыда жоғары дайындығы мен білімділігін көрсете білген. Жұмысты жазу барысында көп ізденгенін, өте кең ауқымда әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерді пайдаланғанын атап өтуге болады.


Зерттеу жұмысында әлеуметтік мемлекет анықтамасының конституциялық бастамалары, әлеуметтік мемлекеттің басты қажетті элементі ретінде азаматтық қоғамды құру негіздері, халықтың барлық топтарын біріктірудің занды негіздемесі, әлеуметтік мемлекеттің толыққанды қалыптасуын іске асырудың қажетті кезеңі ретінде құқықтық мемлекеттің негіздемесі, либералды идеялардың нарықтық экономика

дәуіріндегі мемлекеттің әлеуметтік рөлімен өзара әрекеттесу саласы, мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін арттыру мәселелері, нарықтық қатынастар дәуіріндегі әлеуметтік мақсаттарға басымдық беру, елді әлеуметтік мемлекет ретінде нығайтуға ықпал жасайтын элементтердің өзара іс-қимыл мәселелері, әлеуметтік мемлекеттің конституциялық бекітілген белгілерін айқындау және мемлекеттік аппараттың әлеуметтік мемлекеттегі азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл факторлары кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ, аталған мәселелерге қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдау жасай келе, олардың қол жеткізген маңызды ғылыми көзқарастары, ұстанымдары теориялық және тәжірибелік тұрғысынан қарастырылған.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекет орнықтыруды құқықтық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстары осы саладағы құқықтық тұрғыдан дамуга ие және құқықшығармашылық барысында қолдану мүмкіндігі жүмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығын көрсетеді. Автордың осы тақырып бойынша Қашақстанда және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектері оның құзіреттілігін дәлелдейді.

Докторант Исахов Бахытжан Сейдиллаевичтің (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «**Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекетті орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері**» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қойылатын талап, ережелерге сай орындалған және 6D030100 – «**Құқықтану**» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мамандандырылған кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші, з.ғ.к.,
(PhD) қауымд. профессор,
ҚР ҰЗА академигі



Қ.Т. Битемиров